

2016 ЖЫЛЫ 14 ҚАРАШАДА ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНА АРНАЛҒАН ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР ЖӘНЕ ЖОО ДАЙЫНДЫҚ КАФЕДРАСЫ «БІЗДІ БІРІКТІРГЕН ОРЫС ТІЛІ» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

Дөңгелек үстелде ТМД Россотрудничества департаментінің басшысы Маленко Сергей Владимирович пен Ресей Федерациясының Қазақстандағы елшілігінің Алматыдағы елшісі Переверзева Ирина Владимировна қатысты. Литва, Вьетнам, Оңтүстік Корея, Қытай елдерінің 1-3 курс студенттері мен дайындық топтарының тыңдаушылары да сөз сөйледі. Білім алушылар орыс тілінің әлемдегі орны туралы айтып, орыс ақындарының өлеңдерін оқып, орыс ертегілеріне қойылымдар қойып, қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрін көрсетті.

Қонақтар тіл үйренудің маңызын мемлекеттер арасындағы ғылыми, мәдени, экономикалық байланыстарға да қажет екендігін айтты. Маленко С.В. мен Переверзева И.В. кафедраға әдеби мен әдістемелік кітаптар сыйға тартты. Сонымен қатар Переверзева И.В. бірінші курстарды құттықтап, оларға студенттік билеттерді табыстады. Соңында студенттер мен тыңдаушылар РФ елшісіне сұрақтар қою мүмкіндігіне ие болды.



